

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ  
ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР КІТАПХАНАСЫ»  
КММ**

**Ұлттық әдебиет және  
өлкетану орталығы**

**«Айтуға оңай...» (жат қылықтарға тыйым)**

**( тәрбие сағаты, жасөспірім.)**

**Өскемен, 2016 ж.**

**Мақсаты:** Оқушылардың бойына адамгершілік, имандылық тәрбие беру, ұлттық салт-санасын дамыту, тәрбиелеу.

**Міндеті:** Ұлтжандылыққа тәрбиелеу, имандылық, адамгершілік қасиеттерін дамыту, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ата-баба дәстүрін құрметтеу, шетелдік, жат жұрттық әсерден бойларын аулақ ұстауды үйрету.

**Өтілу формасы:** дөңгелек үстел.

**Өткізу әдісі:** Әңгіме -сұхбат, сұрақ-жауап, пікірлесу.

**Көрнекілігі:** слайд, видеороликтер.

**Сабақтың барысы:**

**Мұғалім:** Армысыздар, ел ертеңіне жанашыр (оқушылар) жастар!

Еліміздің егемендік алып, мемлекет ретінде өзін әлемге танытып, өркениетке бағыт алған кезде елдің экономикалық дамуына басты назар аударылды да ұрпақ тәрбиесі, имандылық, мәдениеттілікті, тіл мәселелерін екінші орынға қоюда.

Сондықтан да, бүгінгі күні жас ұрпақтың әлеуметтік бейнесі туралы мәселе бәрімізді де толғандырады.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Еліміздің келешегі-бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты» – деген.

«Ел боламын десең, бесігінді түзе» деп атамыз қазақ айтқандай, бүгінгі жастар елдің болашағы екеніне бәріміз кәміл сенімдіміз. Олай болатын болса, *біз бүгінгі жастардың бойынан қандай қасиеттерді көргіміз келеді? Біз іздеген қасиеттер қазіргі жастардың бойында бар ма?* – деген мазмұнда әңгіме өрбіткіміз келеді.

Жастар – қоғамымыздың жүрек дүрсілі, өзегі. Есігінен енді аттап отырған жаңа ғасырда ұлтымыздың өсуі де, өшуі де осы жастарға тікелей байланысты. Қазақ жастарының іс - әректіндегі біздің ұлттық болмысымызға дақ түсіретін жақтары, яғни, маскүнемдік, нашақорлық, балалар үйіндегі жетім балалар, қарттар үйіндегі үлкен ата - әжелерімізді көрген кезде әркімнің жүрегі ауыратыны белгілі.

**Мына видеороликке назар аударсақ. Ұрлық**

- *Осындай әрекетке не итермелеп отыр? Ал сіздердің пікірлеріңіз қандай?*

- Менің ойымша, осындай әрекетке баруымыз мейірімсіздіктен туып отырған сияқты. Сонда мейірімсіздік қайдан шығады деген сұраққа сен өзің қалай жауап берер едің?

Балалардың жауабы.

**Халық пікірлері видео.**

- *Сіздер бұл пікірлермен келісесіздер ме?*

Оқушылардың пікірі.

- *Осы келеңсіз мәселелердің алдын алуға бола ма, қалай ойлайсыздар?*

**Көрініс.** Әр топ жат қылық туралы өз ойларын, шығу жолдарын көрініс ретінде көрсетеді. Жағдаяттар.

**Мұғалім:** - Рахмет. Негізгі тақырыпқа сүйеніп, жоғарыдағы ойды тындап менде мынандай ой туындады. Әр нәрсенің шешімі бар. Жаман жолға түскен

адам қайтадан адам болғысы келсе бәрі өз қолында. Әр адам өз өмірін өзі жасап алады.

Оқушылармен тренинг жүргізіледі.

1. «Сықырлы дүкен» деп аталады. Мақсаты: балаларды жақсы қасиеттерге, адамгершілікке, мейірімділікке, жақсылыққа тәрбиелеу.

Шарты: Ортаға 1 дүкенші, яғни, сатушы шығады. Оның дүкенінде адамның қасиеттері сатылады. Мысалы: мейірім, инабаттылық, адамгершілік т.б. Және сатып алушылар болады. Әрбір сатып алушы дүкенге келгенде дүкеншіден өзіне бір қасиетті сатуын бірақ сол қасиетті адамға не үшін керек екенін, ол қасиет адам бойында болмаса не болатынын бәрін түсіндіруін сұрайды. Ал сатушы жақсы қасиетті сатып өткізуі үшін сатып алушыға толығымен бәрін түсіндіруі керек. Бұл ойын адамды жақсы қасиеттерге, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелейді.

- *Бүгінгі күні ұлттық санада ойлайтын қазақи тәрбие алған қазақ қызы мен бозбалалары бар ма?*

Балалар, біз болашақта әдепті, тәрбиелі болуымыз үшін өмірдегі кездесетін көптеген зиянды заттардан аулақ болу керектігін білеміз.

- *Балалар шылымның қандай зияны бар?*
- *Адам ағзасына зиян келтіретін жаздайлар. (Дұрыс тамақтанбау, ішімдік ішу, темекі шегу, нашақорлық.)*

**Оқушылар пікірі.**

Ал енді, балалармен бір ойын ойнасақ.

**Жарнама ойыны.** Адамгершілік, ар - ұят, мейірімділік, сыпайылық, имандылық.

Балаларға қағаздар арқылы жақсы - жаман қылықтарын таңдату.

**Болашағыңды ойла!**

**Мұғалім:** Барлық пікірлер айтылды, сұрақтар қойылды. Ендігі кезекте ойымызды қорытындылайық. «Заманына қарай адамы» деген тұжырымды алып тастап. Өз тұжырымымызды қойғымыз келеді. «Әр іс - әрекетіңе жауап бер, сөзіңе нық сенімді бол, мейірімді, қарапайым, кішіпейіл бол. Ең бастысы, адам екеніңді ешқашанда ұмытпа». Заман өзгерген жоқ, заманды өзгерткен адамның іс-әрекеті екенін естен шығармайық.

**Орындаған:**

**Қожаева А.**

**Тексерген:**

**Кенжебекова Н.М.**